

ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

© Кусманова К.А.*, Оқасова Б.Қ.†, Боранбаева Г.С.♥

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік
Техникалық университеті. Өскемен қаласы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы

В статье рассматриваются устойчивые словосочетания, встречающиеся в айтысах, трансформационные узуальные фразеологизмы, которые были изменены и обработаны авторами. Сохраняя структурно-семантическую взаимосвязь измененных фразеологических словосочетаний, рифмуя строки песни победить в айтысах.

Ключевые слова: структура, семантика, узуаль, экспрессия, эмоция, стилистика, стиль, синоним.

Тұрақты тіркестердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы, яғни, байырғы тіркестердің структура-семантикалық сабақтастығын сақтай отырып, трансформацияланған (өзгерген) узуаль фразеологизмдер айтыс өлеңдерінде көптеп кездеседі. Қазақ әдеби тілі образды фразеологизмдерге бұрыннан да бай болатын. Әдетте, қалыпты қолданыстағы фразеологизмдердің экспрессиялық, эмоциялық әсері айрықша байқалып тұрады. Айтыс ақындары тілімізде бар тұрақты тіркестерді өлең жолдарына кестелеп келтіре отырып, осы тіркестерді мейлінше өңдеп, өзгертіп қолданған. Әр ақынның көркем тілінен өріліп шыққан бейнелі өткір де ұтымды сөздер айтылмақ ойды одан әрі тереңдетіп, әсерлі етіп, көркемдік бояуын қалыңдатып, тіпті ұтымды ойлар, дәлелді жауаптар қарсыласын жеңудің амалы болған. Бұндай өзгеріске түскен фразеологизмдер стильдік-экспрессиялық қасиетімен сөзді түрлендіріп, айшықты етіп тұрады. Ғалым С.М.Исаев: «Көркем шығармада белгілі дәрежеде жазушы интеллектісіне қарай кейбір еркіндік, формальды түрде жалпы нормадан ауытқу, аграмматикалық, аномалиялық, метабазистік құбылыстар болып отырады. Көркем стильде тілдік элементтердің дистрибуциялық шеңбері кеңейіп, олардың узуальды мән-мағынасын бұзады», – деп көрсетеді [1, б. 168].

Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеуден өткендегі қолданысынан бұрын, олардың әдеттегі халықтық қолданыстағы узуаль – фразеологизмдермен ортақ және өзгеше, айырым белгілерін жалқы және жалпы тұстарын анықтап алған дұрыс. Ақындардың өзіндік қолтаңбасы, даралық үні бар фразеологизмдерді талдағанда, жалпыхалықтық формасымен қатар-

* Доцент кафедры Казахского, русского языков и делопроизводства, д.ф.н.

† Старший преподаватель.

♥ Доцент, к.ф.н.

ластырыла, бірлікте қарастырылу керек. «Фразеологизмдерді сөз еткенде, оларды танып-білудің үш критерийі бар екендігі айғақ» [2, б. 190]. Осы үш белгіні бір-бірінен бөліп алмай, тұтасымен арқау еткенде ғана фразеологияны жеке лингвистика саласы деп тани аламыз. Фразеологизмдерді өзгертіп, авторлық өңдеуден өткізуде тұрақты тіркестердің не мағынасына, не құрамына немесе құрылысына өзгеріс әкелуі мүмкін.

Ақындар стилінде фразеологизмдердің бір сөзін синоним сөздермен алмастыру белгілі бір ойды толықтыру, нақтылау үшін келтіре отырып, қарсыласын сөзден сүріндіру ыңғайында қолданған. Тілдегі синонимнің қызметін ғалым Ә. Болғанбаев былай көрсетеді: «Әркім өзінің ойлаған ойын, көңіл күйі мен көзқарасын нақтылы, әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер тілде айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді»[3, 41б.]. Стиль тұрғысынан келгенде, синоним бір ұғымды нақтылау үшін қажет болған мағынасы жақын, мәндес сөздердің белгілі контексте қолданылуы. Айтыс өлеңдерінде тұрақты тіркестердің бір сөзін ғана синоним сөзбен алмастыру жиі кездеседі. Мысалы, Сара:

Сыйладым **сағың жерде қалмасын** деп,
Аттатпай адымыңды бұрар едім.

Я болмаса:

Найманға **жалғыз тиын керегің жоқ**,
Келесің қайыр сұрап анда-санда.

Немесе Майкөт:

Қарағын айтқан сөзін болжаусыздың,
Деміне нан піседі кей мәнсіздің.

Я болмаса:

Батшағар, бұл сөзінді естігенде,
Жоныңнан таяқ алар жалаңаштап.

Немесе Жамбыл:

Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз **оңға жүгірген.**

Я болмаса Жәмшібай:

Саламын қаршығамды қара құсқа,
Ілмеймін сені мүлде **жанарыма.**

Немесе Кемпірбай:

Тәуекел дариясынан бетім жудым,
Ажалдан қорыққан болсам неге тудым?

Я болмаса Қарасақал Ерімбет:

Дариясын тәуекелдің кешкен ерлер,
Өтетін ылғал шалмай ұлтарағын.

Ілгерідегі өлең жолдарында Сара әдеттегі тіркестерді, яғни «сағы сыну», «бір тиынға тұрмайды» компоненттерінің бір сыңарын синоним сөзбен

ауытырып, ақын өз ойын әсерлеп жеткізген. Майкөт Құлмамбетті мінеп «деміне нан піскен мәнсізсің», «жоныңнан таяқ алар жалаңаштап батшағар-сын» деп сол айтыста жеңіп кетеді. Майкөт ақын «Кеудесіне нан пісті» және «Жонынан алды (тілді)» тұрақты тіркестерінің «кеудесіне», «таспа» сөздерін «деміне», «таяқ» сөздерімен алмастырып, айтайын деген ойын дәл жеткізіп тұр. Жамбыл мен Сарының айтысында Жамбыл «ісі оңынан келу» тізбегіндегі «келу» етістігін «жүгірген» сөзімен алмастырып, өлең жолдарының ұйқасына қарай қолданған. Шөже мен Жәмшібайдың айтысында «Мен, Жәмшібаймын, сөзге жүйрік тілінді тарта сөйле» деп Шөжені елемейді. «Көзге ілмеу» тұрақты тіркесінің «көз» компонентін «жанар» сөзімен алмастырып әбден «жауыр» болған сөзді қайталамау үшін, ойын көркемдеп жеткізуде қолданған. Соңғы мысалдарда Кемпірбай «Тәуекелге бел байлады» сөз қолданысындағы «бел байлау» фразеологизмін өзгертіп «Тәуекел дариясынан бетім жудым» немесе «Жаратып жалғыз көктің тілін будым» десе де, Шөжеден жеңіліп қалады. Тұрақты тіркестің сыңарын ауыстыру арқылы Кемпірбай сөз өнерінде өзінің басым екендігін жеткізгісі келген. Ал, соңғы мысалда бұл тіркес тіпті өзгеріп кеткен. Бұл жалған дүниеден өткен ерлердің ерлігін дәріптеп, тыңдарманның назарын аудару үшін әдейі осылай қолданылған. Ақындар өздерінше «тәуекелге бел байлады, тәуекел қылды, тәуекелге салды, тәуекелдің кемесіне мінді» тұрақты тіркестердің негізінде «тәуекелдің дариясынан жуыну, тәуекелдің дариясын кешу» варианттарын жасаған. Айтыс ақындары «бақ, бақыт» сөздеріне көбінесе синоним етіп «құт» сөзін алған. Мысалы, ақын Сара:

Шетінен қыдыр қонды өңшең **құтым**,
 Мың-мыңнан тастаған арт жағына.
 Я болмаса:
 Ел артпас Серікбайдың жарлығынан,
Құт болды бас қадірі барлығынан.
 Немесе Мәделі:
Бақ – құт деген, бармақтай болады екен,
 Қыз бен жігіт басына қонады екен.
 Немесе Уақит:
 Сейпіл де сол жақсының бірі болды,
Құт орнап маңдайында тұрған шалқып.
 Я болмаса Омарқұл:
 Кесірлі кесепатты келіп туса,
 Шайқалып **ата құты** жасканады.

Сара елдің игі жақсыларын мақтап құт тастаған, бақ берген дей отырып, солардың ішінен Серікбайды ерекше атап «елге құт болды, бақ болды» деп мақтайды. Мәделі ақын тіліміздегі «бармақтай бақ бер» тұрақты тіркесіне үйлестіре «бақ» яғни «құт» сөздерін жарыстыра қолданып «бармақтай құт

бер» немесе «бармақтай құт болады» деп келтірген. Ал Уақит әдеттегі қолданыстағы «маңдайының бағы бар» фразеологизміне орайластыра» құт орнап маңдайында тұрған шалқып» деп авторлық өңдеуден өткізген. Соңғы мысалда «ата құты», яғни ата дәулеті бір әулеттің, жанұяның бақыты деген мағынаға келтіріп қолданылған. Бұдан басқа «көз жасын көл қылды» тұрақты тіркесіндегі «көл» сөзін төмендегідей тізбектермен берген: «Көз жасын сия қылдым, қолда қалам, Көзімнің жасы болды сел, Көз жасын көлдей дария сел қылып жүр».

Немесе Шегебай:

Жайына аузын бағып жүрмейді неге,

Өркім-ақ «ернін қысқан» жақсы емес пе?

Мұнда «аузын бақты» тұрақты тіркесіне «ернін қысқан» тізбегін фразеологиялық синоним етіп қолданған. Сонымен бірге айтыс өлеңдерінен **сегіз қырлы, жалғыз сырлы – сегіз қырлы, бір сырлы; көзімнің қыры түсті – көз қырын салды; қыз базары – қыз дәурен; ажал тұртті – түлен тұртті; тамағынан өтпейді ішкен айран – тамағынан ас өтпеді; мылтыққа ұшты – оққа ұшты; ұзын жол – ұзақ жол; жеңсіз көйлек – үшкіл көйлек; есік қақпай – шет қақпай; аузыннан шығып өкпең – өкпесі аузына тығылды; құлағыңа ал – құлағыңа іл; сапар тартып – сапар шегіп; бақ айналса – құт орнаса; құт тастаса – бақ қонды; бақ – құт деген бармақтай болады екен – бармақтай бақ бер** және т.б. сөз тізбектерін кездестіреміз. Тұрақты тіркестің бір сыңарын синоним сөзбен алмастыра беру орнымен орайласып құрыла бермеген. Мысалы, қыз бен Көкенің айтысында қыз:

Түскенде сен есіме, жан күдеке,

Тамағымнан өтпейді ішкен айран.

«Тамағынан ас өтпейді» тұрақты тіркесіндегі «ас» деген ұғымға бүкіл тамақ атаулы кіреді ғой, егер «ас» сөзін түрлі тамақ аттарымен алмастыра берсек, тіркестің мағынасы өзгеріп, үш белгісі жоғалып еркін тіркеске айналып кетуі мүмкін. Бұл өзгертуде ешқандай образдылық, мағынасында елең еткізіп тындарманның көңілін аударатындай ерекшелік жоқ деп ойлаймыз. Талданған мысалдардағы синоним сөздер белгілі бір контексте ғана мәндес сөздер, яғни, лексикалық варианттар, өйткені бұлардың бір-бірінен сәл болса да ерекшелігі байқалады. Сондықтан бұларды фразеологизмдердің синонимдік тәсілмен түрленуі деп те айтуға болады. Айтыс өлеңдеріндегі тұрақты тіркестердің бір сыңарын синонимдік тәсілмен түрлендіру негізінен стильдік мақсатты көздейді. Сәтімен жасалған алмастырулар фразеологиялық синонимдердің қатарын толықтырады.

Айтыс ақындары тілінде фразеологизмдердің бір компонентін басқа сөздермен алмастыру жиі кездеседі. Бұл тәсілдің айтыс өлеңдеріндегі атқарар жүгі – мағына дәлдігін саралай түсу, іс-әрекеттің экспрессиялығын

арттыру, өтіп жатқан айтыс-тартыстың күрделілігіне тыңдарманның көзін жеткізу, иландыру. Мысалы, Сарыбас ақын:

Бір жанынан түңілмей.

Жан таң қалған сөзіне.

Я болмаса:

Бұл жерден **жарты ауыз сөз** алдырмаймын,

Былжырамай, сен өзін еліңе қаш!

Немесе Сара:

Аузыңды тарта сөйле Біржан батыр,

Жарамас жүдеп қайтсаң іздеп келіп

Алғашқы мысалда тіліміздегі «жат бойынан (жанынан) түңілсін» тұрақты тіркесіндегі «жат» сөзін «бір» сөзімен алмастырған. Сарыбас пен Жамбылдың айтысында Сарыбас бір ауыз түгілі «жарты ауыз» сөз де алдырмаймын деп ұтымды жауап қайтарса да жеңіліп қалады. Ақын Сара «тілінді тарта» (аузыңды тарта) байқап сөйле, айтысам деп іздеп келіп жеңіліп, жүдеп қайтсаң жарамас деп ескертіп тұрғандай. Кейбір тұрақты тіркестердің сирек қолданылатын варианты инверсияланып өлең жолдарына келтірілген. Мысалы, Таспақожа:

Өлең айтса, ақындар сөз таңдайды

Сұлуларды **таразы көз** таңдайды.

Ал ақындардың айтысына төрелік айтқан Жамбылдың жыр жолдарында бұл тұрақты тіркес басқаша өң, сипат алып «көз мөрімен» деп келтірілген, яғни «мөлшер», «таразы» сынарлары «мөр» сөзімен алмастырылған. Халықтан асқан әділ төреші жоқ, жүйрік ақынды көздің мөрімен бірден тап басып, анықтап, растап береді дейді:

Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған,

Көрген жұрт **көз мөрімен** растаған [4, б. 91].

Жоғарыдағы өлең жолдарынан тұрақты тіркестердің бір компонентін басқа сөздермен алмастыру арқылы ақындар айтыс өлеңдеріндегі тартысты бейнелі, мәнерлі сөздермен беріп, тыңдарманның сезіміне әсер еткен және мағына дәлдігін анықтап, тыңдаушы жұрттың назарын аударған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С.М. Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997. – 224 б.
2. Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988. – 136 б.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 148 б.
4. Айтыс. – Алматы: Жазушы. – I т. – 1965. – 556 б.